

АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Идырышев Серик Рамазанович, 15.08.1967 ж. т., азаматтық белсенді, ШҚО Зайсан ауданының тумасы, ҚР азаматы, қазақ, орта-арнайы білімі бар, "Бобровка+" ЖШС газ электр дәнекерлеуші болып жұмыс істейді, ШҚО, Бобровка ауылында тұрады, ШҚО-ның белсенді азаматы.

Идырышев өзінің сөз бостандығына құқығын іске асыра отырып, елде қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайға қатысты өзінің сыни пікірін жария түрде жеткізді, ол үшін "экстремист" деп танылды, өйткені оның ойлары "Қазақстанның демократиялық таңдауы" оппозициялық қозғалысының идеялары мен талаптарына үндеседі. Астана қаласының Есіл аудандық сотының 2018 жылғы 13 наурыздағы шешімі бойынша бұл қозғалыс экстремистік деп танылды, алайда тәуелсіз бақылаушылар мен құқық қорғаушылар қозғалыс зорлық-зомбылыққа шақырмағандықтан және зорлық-зомбылықты жүзеге асырмағандықтан, бұл шешімді шығаруға саяси түрткі себеп болды деп санайды. Идырышев азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізу құқығын қорғады және WhatsApp тобының тіркеуден өтпеген "Көше партиясы" оппозициялық партиясының чатында тұрды. 19 мамыр 2020 ж. партия "Көше партиясы" да Астана қаласының Есіл аудандық сотының шешімі бойынша экстремистік деп танылды, бірақ тәуелсіз бақылаушылар мен құқық қорғаушылар партия зорлық-зомбылыққа шақырмағандықтан және зорлық-зомбылықты жүзеге асырмағандықтан бұл шешімді шығаруға саяси түрткі себеп болды деп санайды

С. Р. Идырышев экстремизмді жүзеге асыруға байланысты қызметке тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігі) қоғамдық бірлестіктің қызметіне қатысқаны үшін айыпталды. Сөз тыйым салынған "Қазақстанның демократиялық таңдауы" қозғалысы туралы болды. 05.12.2019 Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық сотымен оны қоғамдық-саяси қызметпен, оның ішінде 3 жыл мерзімге бұқаралық ақпарат құралдары мен телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы айналысу құқығынан айырып, бас бостандығын 1 жылға шектеу жазасы кесілді.

23.12.2019 ж. Идырышев айыптау үкіміне апелляциялық шағым берді. Апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылды. 07.02.2020 ж. бастап Идырышев Шығыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде (ШҚО ҚАЖД) сынақтық бақылауға қойылды.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері Идырышев қоғамдық-саяси қызметпен, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен телекоммуникация желілерін пайдаланумен айналысуға салынған тыйымды бұзды деп санайды.

- 25.02.2020 ж. "Facebook" парақшасындағы сурет жаңартылды»;

- 08.03.2020 ж. өзінің "Серік Идырышев" аккаунтында тікелей эфирде сөз сөйледі және Қазақстан Республикасындағы коронавирус індетіне қатысты ақпаратты таратты;

- 04.04.2020 ж. азаматтық активист Акымовтың бейне челленджінің астында Идырышев "Саке Реке Торе" аккаунтынан "Ассалаумағалейүм жерлесім! Алла Тағала жар болсын! Алға Қазақстан! Алға көше партиясы» деген пікір жазған;

- 16.04.2020 ж. өзінің "Саке Реке Торе" аккаунтымен желіні пайдаланды және азаматтық белсенді Дана Жанайдың сот санкциясы бойынша белсенді Нурқановты телефонынан

айыру фактісі бойынша жариялаған постты «Телефонды балаларға қайтарындар! Олардың сабақтары бар» бөліскен.

Осыған байланысты 22.04.2020 ж. Идырышевке бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы жазбаша ескерту жасалды. 28.04.2020 ж. сынақ қызметі бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсыныс жолдады.

05.05.2020 ж. Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының аудандық соты төреші И.Д. Рахметованың төрағалық етуімен прокурордың көмекшісі Д.М. Мұқажановтың, сотталушының қорғаушысы – адвокат А. Ш. Сулейманованың қатысуымен бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айырумен 9 айға ауыстыру туралы қаулы шығарды. Орташа қауіпсіз қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 2 күн жазасын өтеумен қоса.

Қазіргі уақытта сотталған Идырышев ШҚО ҚАЖД ОВ-156/1 қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде. 21.05.2020 ж. Идырышев Глубокое аудандық сотының қаулысына апелляциялық шағым берді және ол Шығыс Қазақстан облысының облыстық сотында 10.06.2020 ж. тағайындалған қарауды күтеді.

Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық Халықаралық бюросының қолдауымен Идырышевке заңдық көмекті Шығыс Қазақстан облысы адвокаттар алқасының адвокаты Т.А. Сейсекенов көрсетуде.

*Адам құқықтары және заңдылықты сақтау
жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюросы*

08 маусым 2020 ж.